

Г.К. Айкинбаева  
М.М. Рыскулова  
А.Ж. Жасұлан

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
(E-mail: gulden\_1975@mail.ru, ryskulova-75@mail.ru, zhassulan.aruzhan@mail.ru)

## Онкологиялық дертке шалдыққан науқастарға элеуметтік-психологиялық көмек көрсету мәселелері

**Аңдатпа.** Мақала онкологиялық науқастарға элеуметтік-психологиялық көмек көрсету мәселелері мен Қазақстандағы аталмыш дертке шалдыққан аурулар туралы статистикалық деректерге талдау жасалған.

Мақалада дүниежүзілік дерттің біріне айналған, қатерлі ісік ауруының түрлері мен олардың қазіргі таңдағы көбеюін жан-жақты зерттеу мәселелері қарастырылып, онкологиялық науқастарға элеуметтік-психологиялық көмек көрсету жолдары сипатталған. Сонымен қатар қатерлі ісікке шалдыққан науқастарға көрсетілетін элеуметтік-психологиялық көмекке қатысты ғылыми аспектілері қарастырылып, олардың жұмыс бағыттарына сипаттама берілген.

Элеуметтік-психологиялық көмек көрсетудің нәтижесінде науқастың және оның отбасы мүшелерінің өмір сүру сапасын жақсарту, бұл ауруды және аурудың басқа көріністерін белсенді анықтау, мұқият бағалау және симптоматикалық терапия, сондай-ақ психологиялық, элеуметтік және рухани қолдау көрсету арқылы қол жеткізудің бірден бір тиімді жолы екендігі мақалада қарастырылған.

**Түйін сөздер:** онкология, емделмейтін аурулар, онкологиялық науқастар, элеуметтік-психологиялық көмек, психотерапиялық әдіс-тәсілдер, пациенттің өмір сапасы.


DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2021-136-3-222-230>

### Кіріспе

Біздің елімізде ғана емес, бүкіл әлемде онкологиялық аурулардың түрі де, оларға шалдыққан науқастардың саны да көбеюде. Көптеген адамдардың бұл диагнозды үкім ретінде қабылдайтыны рас. Бірақ қазіргі заманғы медицина мен ғылым онкологиялық аурулардың басым бөлігін емдеуге мүмкіндік

береді. Оларды емдеуге қазынадан жыл сайын миллиардтаған қаражат бөлінеді. Алайда онкологиялық ауруларға алаңдаушылық пен баса көңіл бөлу – қазіргі заманғы денсаулық сақтау саласының өзекті мәселелерінің бірі болып табылады. Бүкіл әлемде, бәрінен бұрын елдің элеуметтік-экономикалық салмақтылығының өсуіне байланысты инфекциялық емес созылмалы аурулардан сырқатта-

## ДДҰ мәліметі бойынша 2018, 2020 жж әлемде қатерлі ісікке шалдыққандар саны



Сурет-1 ДДҰ мәліметі бойынша 2018, 2020 жж. әлемде қатерлі ісікке шалдыққандар саны

нушылықтың өсуі, өмір сүру ұзақтығының ұлғаюы, онкологиялық ауруларды анықтауға бағытталған профилактикалық іс-шараларды жүргізу байқалуда. Сонымен бірге, созылмалы инфекциялық емес аурулар мүгедектік пен мезгілсіз қайтыс болудың маңызды себебі болып табылады, бәсекелестіктің жаһандық индексінің маңызды индикаторларының бірі болып табылатын өмір сүру ұзақтығының көрсеткішіне айтарлықтай әсер етеді. Онкологиялық аурулар созылмалы инфекциялық емес аурулардың құрылымында негізгі болып табылады.

Еліміздің Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты Халыққа жолдауында: «Алдағы төртінші онжылдықтың бізге жүктейтін міндеті – қуатты елдің иесі және кемел халық болу. Бұл жолда саяси-экономикалық реформаларды және сананы жаңғырту үдерісін жалғастырып, заман талабына бейімделген ұлттың жаңа болмысын қалыптастыруымыз қажет» деп халықтың әл-аухаты мен денсаулығына баса назар аудару қажет екендігін айқын белгілеген. Қазіргі таңда халықтың денсаулығына аса зор ден қойылып, үкімет тарапынан жан-жақты қолдау жасалуда.

### Негізгі бөлім

Соңғы онжылдықта байқап отырғанымыздай онкологиялық аурулардың көбеюі оларды жан-жақты зерттеу мәселелерін өткір және әлеуметтік маңызды деп санаймыз. Аталмыш мәселе тек медицина саласының ғана емес, со-

нымен қатар психологиялық зерттеулер мен қолдауды қажет ететін өзекті мәселелердің бірі деп білеміз.

Қатерлі ісіктері бар науқастарға әлеуметтік-психологиялық көмекке қатысты аспектілер ғылыми әдебиеттерде жеткілікті түрде қамтылмаған. Онкологиялық қызметте әлеуметтік-психологиялық көмекті дамыту негізінде онкологиялық дертке шалдыққан науқастардың ішкі ресурстарын ұтымды пайдалана отырып, емдеу тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Онкологиялық науқастардың әлеуметтік-психологиялық қорғалуы аурудың алдын алу мен айығуына жағымды әсер етеді және өмір сапасын жақсартады.


Қатерлі ісік әлемдегі өлімнің екінші негізгі себебі болып табылады және ДДҰ мәліметтері бойынша 2018 жылы бүкіл әлемде 18,1 миллион қатерлі ісік ауруы тіркелді. Ал 2020 жылы қатерлі ісікке шалдыққандар саны 20 миллионға жеткен.

Жоғарыдағы Сурет 1-тегі дерекке сәйкес 2018 жылға қарағанда 2020 жылы әлемде қатерлі ісікке шалдыққандар саны едәуір артқандығын көреміз.

Қазақстандағы онкологиялық дертке шалдыққан науқастардың саны да біршама алаңдатарлық. 2018, 2019 жылға сәйкес мәліметті төмендегі сурет 2-ден қарастыруға болады.

2019 жылдың қорытындысы бойынша 35 183 адамға өмірінде алғаш рет қатерлі ісік диагнозы қойылып (34 629 – 2018 ж.) есепке алынған, 2018 жылдың деңгейіне қарағанда 554 адамға, немесе 1,6%-ға көбейген.

### Қатерлі ісік диагнозы қойылғандар саны (2018, 2019 жж)



**Сурет-2** Қазақстан бойынша 2018, 2020 жж. қатерлі ісікке шалдыққандар саны

Қатерлі ісікпен науқастанудың ең көп тараған түрлері: қалқанша безінің қатерлі ісігі, жатыр денесінің қатерлі ісігі және ерін қатерлі ісігі.


Көрші Ресеймен салыстырғанда бұл көрсеткіш 2018 жылы анағұрлым жоғары және 2017 жылдың деңгейіне қарағанда 1,2%-дық өсумен 100 мың адамға шаққанда 425,4-ті құраған [1, – 9 б].

2019 жылы 180 мыңға жуық қазақстандық онкология бойынша есепте тұр. Оның ішінде қатерлі ісіктің 36 272 жаңа жағдайы тіркелген, терінің меланомды емес қатерлі ісігін қосқанда, (35 758 – 2018 ж.), оның ішінде 426-сы бастапқы-көпше қатерлі ісіктері (377), 663-і қай-

тыс болғаннан кейін есепке алынғандар (752) немесе 1,2% құраған. Анықталған жағдайлар саны 514-ке немесе 1,4%-ға азайған.

Қатерлі ісіктермен алғаш рет есепке алынған науқастардың абсолюттік саны 10 аймақ (Ақмола, Алматы, Атырау, Шығыс Қазақстан, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Павлодар, Солтүстік Қазақстан облыстары және Шымкент және Нұр-Сұлтан қалалары) есебінен өскен. Павлодар облысында анықталған науқастар санының ең жоғары өсуі – 228 адамға немесе 9,5%. Қалған 7 аймақта анықталған науқастар санының төмендеуі орын алды, Алматы қаласында ең көп – 281 адамға немесе 7,6%-ға өскен.

### Онкологиялық дерт салдарынан көз жұмғандар саны (2019ж)



**Сурет -3** Онкологиялық дерт салдарынан көз жұмғандар саны  
(Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметін)

Бұл ретте, ең жоғары көрсеткіш қарқыны Нұр-Сұлтан қаласында – 11%, төмендеу қарқыны Түркістан облысында – 17,2% болған.

Жыл сайын 15 мыңға жуық қазақстандық қатерлі ісіктен көз жұмады. 2019-2020 жылы тұтастай алғанда республика бойынша анықталған науқастарға диагноз қоюдың уақтылығына және көмек көрсетудің сапасына тікелей байланысты қатерлі ісік салдарынан болатын бір жылдық өлім-жітім көрсеткіші қалыпты 22,4%-дан 20,9%-ға дейін төмендеген.

Жоғарыдағы Сурет 3-те келтірілген мәлімет Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметін негізінде құрылған. Жалпы суреттен көріп отырғанымыздай бір жылдық өлім-жітімнің ең жоғары көрсеткіші: Жамбыл – 28,6%, Атырау – 26,1% облысында, ең аз, Алматы – 17,8%, Қостанай – 18,1% облыстарында және Алматы – 18,2% қаласында тіркелген [1].

Жыл сайын мемлекет тегін емделуге және онкоскринингке шамамен 40 миллиард теңге бөледі [2].

Жалпы қатерлі ісік ауруынан болатын өлім-жітім төмендеген сайын, қатерлі ісіктен аман қалғандардың саны арта түседі. Дертке шалдыққандардың санының өсуіне қарамастан, Қазақстанда 10 жыл ішінде обырдан болатын өлім-жітімді 1,5 есе азайтуға қол жеткізілген. Бұл тенденциялар аурумен күресуде ілгерілеушілік бар екенін көрсетеді, бірақ әлі де көп жұмысты қажет етеді. Темекі шегу деңгейі қатерлі ісіктің негізгі себептерінің бірі. Семіздік, қатерлі ісік ауруының тағы бір қауіп факторы [3].

Барлық елдерде онкологияны емдеудің жаңа әдістері белсенді қолданылады, Қазақстан да артта қалмайды. Бірте-бірте, қазақстандық ғалымдар мен дәрігерлер бұл мәселені шешу үшін күш-жігерін жұмсап, оң нәтижелерді атап өтуде. Дәрегерлермен қатар онкологиялық дертке шалдыққан науқастарды емдеуде психолог мамандар да қолдан келгенше психологиялық қолдау, психологиялық кеңес беру жұмыстарын жүзеге асыруда.

Біздің еліміздің барлық онкологиялық диспансерлерінде онкологиялық науқастардың психологиялық ерекшеліктерін және осы

дағдарыстық жағдайды шешу жолдарын зерттейтін психологиялық жеңілдету кабинеттері ашылды. Мамандар диагностиканың, психотерапияның және пациенттерді кешенді оңалтудың жаңа әдістерін әзірлеп, практикаға енгізуде. Өңірлердегі психологтардың жұмысын үйлестіру, ақпараттық және әдістемелік қолдауды ҚазОРҒЗИ психологиялық-әлеуметтік көмек бөлімі жүзеге асырады. Басты назар «емдеуші дәрігер – пациент – психолог – емдеуші дәрігер» тиімді өзара іс-қимылды қолдауға аударылады [4].

Стационар жағдайында пациенттерге «Әлеуметтік-психологиялық-медициналық көмекті ұйымдастырудың» әмбебаптығы олардың әлеуметтік, психологиялық және медициналық қажеттіліктерін неғұрлым толық қанағаттандыруға мүмкіндік беретін неғұрлым тиімді нысан болып табылады.

Онкологиялық ауру науқастың өмірінің көптеген аспектілеріне әсер етеді. Қазіргі таңда онкологиялық дертке шалдыққан пациенттер Онкологиядағы әлеуметтік-психологиялық жұмыстың негізгі объектілерінің бірі болып табылады. Олармен дәрігерлерден басқа арнайы мамандар, психологтар, әлеуметтік жұмыскерлерде өз көмегін тигізуде.

*Әлеуметтік-психологиялық онкология* қатерлі ісік ауруын емдеудегі маман болып табылады. Аурудың барлық кезеңдерінде қатерлі ісіктің әлеуметтік, психологиялық, эмоционалды, рухани және функционалды аспектілерін – алдын алудан бастап өмірден кетуге дейінгі траекторияны түсіну мен емдеумен байланысты мәселелерді жеңілдету мақсатында психологтар қызмет көрсетеді.

Онкологиялық аурудың жағдайын төтенше немесе дағдарыс ретінде қарастыруға болады. Науқастың ауруды қалай сезінетініне байланысты көрсетілетін әлеуметтік-психологиялық көмек түрлері де әртүрлі. Ең бастысы ауру адамға онкологиялық аурулардан туындаған психологиялық салдармен күресуге және өзгерген өмірлік жағдайға бейімделуге көмектесуге бағытталады.

Медициналық (клиникалық) психолог пациенттің келісімімен ғана жұмыс істейді. Ол

науқастың сезімдерін «түзете» алмайды, оны емдей алмайды, бірақ науқастың қай жерде және кімге бағытталғанына қарамастан сезімдерін ашық білдіре алатын жағдайда болуына ықпал ете алады [5].

*Онкологиялық науқастарға әлеуметтік-психологиялық көмек көрсету барысында психолог келесідей жұмыстарды назарға алуы қажет:*

1. *Жауапкершіліктің мақсаттары мен салалары.*

Ауруды жеңуге қолдау көрсету.

Терапия мен ынтымақтастықты қамтамасыз ету.

Психологиялық қажу, күйзелісті түзетуге әрекет жасау.

Психологиялық кеңес беру және жағдайды қолдау.

2. *Стресс факторлары.*

Онкологиялық дертке шалдыққан науқастардың психологиялық жай-күйіне ең көп әсер ететін психологиялық стрессер әсер етеді, одан әрі қарқындылығы бойынша: аурумен байланысты әлеуметтік стрессер; соматикалық стрессер; аурумен байланысты емес әлеуметтік стрессер. Аталмыш стресті жеңуге қолдау көрсету психологтың басты жұмысының бірі.

*Әрбір стресс түрін жеке, әрі жіті қарастыру маңызды, атап айтқанда:*

*Ең қарқынды психологиялық стрессер – бұл жақындардың денсаулығы үшін алаңдаушылық, емдеу шараларына байланысты өмір салтын шектеу және рецидивтен қорқу.*

*Негізгі әлеуметтік стрессер – бұл қаржылық шығындардың артуы және науқасты күтуге қатысатын туыстар мен жақындарының физикалық және эмоционалды сарқылуы.*

*Негізгі соматикалық стрессер: жоғары мөлшердегі полихимиотерапия, трепанобиопсия, қатты ауырсынудың пайда болуына байланысты туындайтын стресс түрі.*

Ауруды жеңудің маңызы ол - отбасын қолдау, туыстарымен сенімді эмоционалды қарым-қатынаста болу, сонымен қатар айналасындағылардың отбасын әлеуметтік қолдау болып табылады.

3. *Диагностика.*

Кәсіби психологиялық қолдау көрсету үшін диагноз қою қажет. Психологиялық диагноз жеке стрессерді бағалауға және науқасқа және оның айналасындағы қоршаған адамдарға байланысты қолжетімді реттеу стратегияларын анықтауға байланысты қызмет жасайды. Науқаспен кездесу кезінде алғашқы әңгімеге үлкен мән беріледі. Әңгіме еркін сипатқа ие болуы, уақыт шеңберімен шектелмеуі, әңгімелесу кезінде психолог науқастың жағдайына және оның әңгімеге белсенді қатысуға деген ықыласына назар аударады. Диагностикалық зеррттеу нәтижесіне сәйкес арнайы психотерапиялық әдістерді қолдану арқылы науқасқа психологиялық қолдау жасаудың тиімділігі арта түседі.

4. *Психологиялық түзетуді қажет ететін белгілер.*

Оларға дисфункционалды бұзылулардың белгілері және эмоционалды, танымдық, мінез-құлық немесе отбасылық, еңбек тетуіне (жұмысына) әсер ететін өзекті мәселелер жатады.

5. *Психологиялық түзету әдістері.*


Психологиялық түзету науқастың денсаулығының қазіргі жағдайына назар аударуы керек. Ол науқас және туыстары үшін тікелей практикалық көмекке қол жеткізуге бағытталған. Онкологиялық дертке шалдыққан науқаста ауру кезінде әртүрлі өткір өзгерістер болуы мүмкін, бұл ретте психолог сол жағдайға даяр, әрі икемді болып, кез-келген жағдайда қолдау көрсете алуы қажет. Осы ретте келесідей психологиялық түзету әдістерін: хабардарлық, әлеуметтік-психологиялық диагностика, сенімді байланысты қолдау, отбасына кеңес беру, ата-аналарға кеңес беру, релаксациялық әдістер, арт-терапияның әртүрлі бағыттарын қолдана алуы, бұл сезімді білдіруге, күш пен қабілеттің көрінуіне ықпал етеді, науқасты паллиативті емдеуге қолдау көрсету, қорқынышты бастан өткерудегі отбасы мүшелеріне қолдау көрсету, жақын адамы қайтыс болғаннан кейін отбасы мүшелерін қолдау көрсету, амбулаториялық және стационарлық емдеу мен оңалтуды жоспарлау және бастау жатады.



«№5 қалалық емхана» медициналық мемлекеттік мекемеде «Пациенттерге олардың қатерлі ісік ауруларының алдын-алу туралы хабардарлық деңгейін анықтауға арналған сауалнама» жүргізілді. Зерттеу жұмысына 30 респондент қатысты. Зерттеу барысында респонденттерге 10 сұрақтан тұратын сауалнама ұсынылды. Алынған зерттеу нәтижелеріне сәйкес бірнеше сұрақтың жауаптарын қарастырып өтейік:


Қалай ойлайсыз, қатерлі ісік ауруы емделеді ме? – деген сауалға иә- 30%, жоқ 15%, жауап беруге қиналамын деп 55 % жауап берген.

Қатерлі ісік емделеді ме?



Қатерлі ісікті халық емдеу әдістерімен емдеуге бола ма? – деген сауалға: «иә» - 10%, «жоқ» - 75%, «жауап беруге қиналамын» деп - 15 % жауап берген.

Қатерлі ісікті халық емдеу әдістерімен емдеуге болады ма?




«Қатерлі ісік қаупін арттыратын заттары бар тағамдарды білесіз бе» – деген сауалға: «түрлі дәмдеуіштер» - 15%, «фаст-фуд» - 25%, «қоспалар» - 10%, «сапасыз тағамдар»-30%, «баяуы бар тағам өнімдері» - 20% деп жауап берген.


«Зиянды әдеттер (төмекі шегу, алкогольді асыра пайдалану) мен қатерлі ісік қаупі арасында

байланыс бар ма?» – деген сауалға: «иә» - 75%, «жоқ» - 20%, «жауап беруге қиналамын» деп - 5 % жауап берген.

Қатерлі ісік қаупін арттыратын заттары бар тағамдар




Зиянды әдеттер мен қатерлі ісік қаупі арасында байланыс бар ма?



«Психолог мамандардың жұмысына жүгіндіңіз бе?» – деген сауалға: «иә» - 15%, «жоқ» - 45%, «болса барар едім» - 20%, «психологиялық көмекке зәрумін» деп - 20% жауап қайтарған.

Психолог мамандардың жұмысына жүгіндіңіз бе?



Зерттеу нәтижесіне сәйкес басым көпшілік респонденттердің қатерлі ісік ауруының ем-

делуі, оның туындауына әсер ететін жағдайларға байланысты хабардарлығын көруге болады. Бұл ретте аталмыш дерттің алдын алу мен оны емдеу барысында халықты ақпараттандыру, әрі емдеу шараларын жүзеге асыру барысында психологиялық қолдау мен психологиялық ағарту шараларының қажеттілігі маңызды екендігін атап өтуге болады.

Онкологиялық практикадағы маңызды психологиялық мәселелердің бірі адамның ауруға деген қатынасы, психологиялық даярлығы. Қосалқы сұрақтар негізінде респонденттердің көпшілігі науқастың бес негізгі психологиялық реакциясын атап өтті, олар: шок, бас тарту, агрессия, депрессия және ауруды қабылдау.

Бұл ретте әрбір онкологиялық дертке шалдыққан науқасқа медициналық көмектен басқа, әлеуметтік, психологиялық қолдаулардың нақты жүзеге асырылуын, пациенттердің ауруын жеңілдетуге ықпал етеді. Ол:

- Пациентке жеке тұлға ретінде қарау.
- Науқас үшін ең аз зиян және жарақат келтіру, психологиялық қолдау көрсету.
- Күту немесе сұрау кезіндегі көмек көрсету.
- Өмірге деген құрмет.
- Өлімнің сөзсіздігін қабылдау.
- Соңғы тілектің орындалуы.
- Емдеу аурудың өзінен ауыр болуы мүмкін.
- Өмірді сақтауға деген ұмтылыс, бірақ биологиялық мүмкін болмаған жағдайда – жайлы өлімге жағдай жасау.
- Науқастың жеке қажеттіліктеріне әлеуметтік ережелерден басымдық беріледі. Науқас хоспистік тәртіп сәттерімен шектелмеген

еркіндікті сезінуі керек, өйткені ол ерекше уақыт пен кеңістікте өмір сүреді.

- Науқас пен оның отбасы – біртұтас. Отбасына қамқорлық жасау – науқасқа қамқорлық жасаудың жалғасы.
- Пациентпен өмір сүру мүмкіндігі.
- Психотерапиялық ортаны құрудың маңыздылығы.
- Пациентке күтім жасаудағы қызметкерлер мен отбасының бірлігі
- Еріктілік қызметті тарту.
- Әр науқасқа және оның жақындарына деген жеке көзқарасты қалыптастыру.
- Барлық резервтерді пайдалану.
- Рухани қажеттіліктерді қанағаттандыру.

### Қорытынды

Онкологиялық дертке шалдыққан пациенттермен жұмыс жасауда психолог психологиялық кеңес беру мен психотерапияның әртүрлі әдістерін тиімді қолдануы қажет. Сонымен қатар: клиникалық әңгіме, өзін-өзі реттеу әдістері, динамикалық психотерапия, суреттермен жұмыс, гештальт терапиясы, танымдық мінез-құлық терапиясы, баяндау терапиясы, ертегі терапиясы, арт-терапия, экзистенциалды терапия және басқада тиімді әдіс-тәсілдер мен технологияларды қолдануға болады.

Қорытындылай келе, онкологиялық дертке шалдыққан науқастар онкологиялық орталықтағы әлеуметтік-психологиялық жұмыстың негізгі нысандарының бірі болуы, әрі психологиялық қолдау мен психологиялық қызмет көрсету жұмысын күшейте түсуді қажет ететін мәселелердің бірі болып қала бермек.

### Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасы онкологиялық қызметінің 2019 жылғы көрсеткіштері: статистикалық және талдау мәліметтері / Қайдарова Д.Р., Балтабеков Н.Т., Душимова З.Д., Шатковская О.В. және басқалар – Алматы, 2020. - 226 б.
2. Онкология бойынша 180 мыңға жуық қазақстандық есепте тұр. – URL: <https://24.kz/ru/news/social/item/347644-okolo-180-tys-kazakhstantsev-stoyat-na-uchete-po-onkologii> (дата обращения: 15.02.2021).

3. ҚазОРФЗИ статистикасы. - URL: <https://onco.kz/o-rake/ponimanie-raka/statistika-raka/> (дата обращения: 15.02.2021).
4. Хусаинова И.Р. Психосоциальная помощь в онкологической службе Республики Казахстан // Материалы международной научно-практической конференции «Психолого-социальная работа в современном обществе: проблемы и решения». – СПб., 2015. – С. 92-94.
5. Сборник тезисов IV Всероссийского съезда онкопсихологов. – М.: АНО «Проект СОдействие», 2012. – С. 34-35.
6. Паллиативная помощь онкологическим больным. Учебное пособие. Под ред. профессора Г.А. Новикова и академика РАМН, профессора В.И. Чиссова. – М.: ООД «Медицина за качество жизни», 2006.
7. Костина Н. И., Кропачева О. С., Психологическая помощь пациентам с онкопатологией и их близким на этапе оказания стационарной помощи // Злокачественные опухоли. – 2016. – № 4, спецвыпуск 1. – С. 62.

### References

1. Kaydarova D.R., Baltabekov N.T., Dushimova Z.D., Shatkovskaya O.V. et al. Kazakstan Respublikasy onkologijalyk kyzmetinin 2019 zhylygy korsetkishteri: statistikalyk zhane taldau malimetteri [Indicators of the oncological service of the Republic of Kazakhstan for 2019: statistical and analytical data] (Алматы, 2020, 226 p.).
2. Onkologija bojnynsha 180 mynga zhuyk kazakstandyk esep te tur [About 180 thousand Kazakhstanis are registered in oncology]. – Available at: <https://24.kz/ru/news/social/item/347644-okolo-180-tys-kazakhstantsev-stoyat-na-uchete-po-onkologii> (Accessed: 15.02.2021).
3. KazORGZI statistikasy [KazORGZI statistics]. Available at: <https://onco.kz/o-rake/ponimanie-raka/statistika-raka/> (дата обращения: 15.02.2021).
4. Khusainova I.R. Psihosocial'naja pomoshh' v onkologicheskoy sluzhbe Respubliki Kazahstan [Psychosocial care in the oncological service of the Republic of Kazakhstan], Materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii «Psihologo-social'naja rabota v sovremennom obshhestve: problemy i resheniya» [Materials of the international scientific and practical conference «Psychological and social work in modern society: problems and solutions»] (SPb, 2015, p. 92-94).
5. Sbornik tezisev IV Vserossijskogo s#ezda onkopsihologov [Collection of theses of the IV All-Russian Congress of Oncopsychologists] (ANO «Proekt SOdejstvie», Moscow, 2012, p. 34-35).
6. Palliativnaja pomoshh' onkologicheskim bol'nym [Palliative care for cancer patients]. Study guide. Edited by Professor G.A. Novikov and Academician of the Russian Academy of Medical Sciences, Professor V.I. Chissov (OOD «Medicine for quality of life», Moscow, 2006).
7. Kostina N. I., Kropacheva O. S. Psihologicheskaja pomoshh' pacientam s onkopatologiej i ih blizkim na jetape okazaniya stacionarnoj pomoshhi [Psychological assistance to patients with oncopathology and their relatives at the stage of inpatient care], Zlokachestvennyye opuholi [Malignant tumors], 4 (1), 62 (2016).

**G.K. Aikinbayeva, M.M. Ryskulova, A.Zh. Zhasulan**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

### Issues of social and psychological assistance to cancer patients

**Abstract.** The article analyzes the issues of providing social and psychological assistance to cancer patients and statistical data on the disease in Kazakhstan.

The article discusses the issues of a comprehensive study of cancer's current growth and its types, which have become one of the global diseases. The article describes the methods of providing social and psychological



assistance to cancer patients. It also examines the scientific aspects of social and psychological care for cancer patients and describes their areas of work.

The article discusses that the provision of social and psychological assistance improves the quality of life of the patient and his family members, which is the only effective way to achieve this through active detection, careful assessment, and symptomatic treatment of the disease and other manifestations of the disease, as well as the provision of psychological, social and spiritual support.

**Keywords:** oncology, incurable diseases, cancer patients, social and psychological assistance, psychotherapeutic methods, patient's quality of life.

**Г.К. Айкинбаева, М.М. Рыскулова, А.Ж. Жасулан**

*Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

### **Вопросы оказания социально-психологической помощи онкологическим больным**

**Аннотация.** В статье проанализированы вопросы оказания социально-психологической помощи онкологическим больным и статистические данные о заболевании в Казахстане.

Рассмотрены вопросы комплексного изучения видов рака, ставших одной из мировых болезней, и их текущего роста, описаны способы оказания социально-психологической помощи онкологическим больным. Также рассмотрены научные аспекты социальной и психологической помощи больным раком, описаны области работы.

Показано, что оказание социально-психологической помощи улучшает качество жизни больного и членов его семьи, что является единственным эффективным способом достижения этого путем активного выявления, тщательной оценки и симптоматической терапии заболевания и других проявлений болезни, а также оказания психологической, социальной и духовной поддержки.

**Ключевые слова:** онкология, неизлечимые болезни, онкологические больные, социально-психологическая помощь, психотерапевтические методы, качество жизни пациента.

#### **Авторлар туралы мәлімет:**

**Айкинбаева Г.К.** – корреспонденция үшін автор, педагогика ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің психология кафедрасының доценті, А.Янушкевича көш., 6, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Рыскулова М.М.** – педагогика ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің психология кафедрасының доценті, А.Янушкевича көш., 6, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Жасулан А.Ж.** – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің психология кафедрасының психология мамандығының 2 курс магистранты, А.Янушкевича көш., 6, Нұр-Сұлтан, Қазақстан.

**Aikinbayeva G.K.** – **Corresponding author**, Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of Psychology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 6 A Yanushkevich str., Nur-Sultan, Kazakhstan.

**Ryskulova M.M.** – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Department of Psychology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 6 A. Yanushkevich str., Nur-Sultan, Kazakhstan.

**Zhasulan A.Zh.** – The 2nd year Master's degree student in Psychology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 6 A. Yanushkevich str., Nur-Sultan, Kazakhstan.